

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

География және табиғатты пайдалану факультеті

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы

«6В05205 – География» мамандығы

РGG 3309 «Саяси география және геосаясат» пәнінен

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2022 ж.

«6B05205 – География» мамандығы бойынша «Саяси география және геосаясат» пәнінен қорытынды емтихан бағдарламасын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушысы, г.ғ.к. Мылкайдаров А.Т. дайындады.

Бағдарлама география және табиғатты пайдалану факультетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының мәжілісінде қарастырылды.

Хаттама № « » 2022 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Нүсіпова Г.Н.

КІРІСПЕ

Мақсаты: Саяси география және геосаясат түсінігін, әдіснамалық ойлау қабілетін зерделеу және шет елдердің философия, экономика, саясат, экология мен басқа да ғылымдардағы ғалымдардың еңбектерін сараптау.

Міндеттері: Студенттерді Саяси география және геосаясаттың маңызын, олардың әртүрлі типтегі заңдылықтарын түсініп, студенттерді еркін дағдылануға үйрету.

«6B05205 – География» мамандығы бойынша «Саяси география және геосаясат» пәнінен қорытынды бақылау (емтихан) тестілеу түрінде өткізіледі.

Тест тапсырушы: 3 курс «6B05205 – География» мамандығы.

Етихан формасы: «Қож moodle» жүйесінде онлайн тест тапсыру.

Бұл пәннен «Қож moodle» жүйесінде тест сұрақтары дайындалды. «Қож moodle» тестілеудің міндеті – оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған шеберлік пен дағды көлемімен салыстыру болып табылады. Соған байланысты тест құрастыру кезінде материалдық маңыздылық, ғылыми нақтылық, тест мазмұны ғылымның қазіргі жағдайы деңгейіне сәйкестігі, репрезентативтілік, тест тапсырмасы мазмұнының білім жүйелігі талаптарына сәйкестігі, кешенділігі мен теңгерімділігі, мазмұны мен формасының өзара байланысы басшылыққа алынды.

Жалпы тест тапсырмасы 75 сұрақтан тұрады, тест сұрақтары 4 нұсқада дайындалған.

ҚОЖ MOODLE тест бойынша студентке 25 сұрақ, 60 минут уақыт беріледі.

Тест тапсыру кезінде прокторинг жүргізіледі !!!.

«Прокторинг» дегеніміз – онлайн-емтиханда немесе тестілеуде барлық үдерісті администратор — проктордың бақылайтын бақылау рәсімі. Ол веб-камераның көмегімен емтихан тапсырушының іс-әрекетін қадағалайды және оның компьютер мониторында не болып жатқанын көреді. Емтихан тапсыру кезінде студенттер қосымша көмектерге жүгінетін болса, прокторинг бойынша емтихан жауабы қабылданбайды.

Сол үшін Сізде осы сабақтан қорытынды емтиханды «Қож moodle» жүйесінде тапсырған кезде Сізде камера болу шарт.

Тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

Тест жасалған тақырыптар

1. Кіріспе. Геосаясат түсінігі. Қазіргі геосаясаттың категориялары.
2. Саяси география мен геосаясаттың қазіргі географиялық ғылым жүйесінде алатын орны.
3. Дүниежүзі саяси географиясы дамуының негізгі кезеңдері мен даму тарихы
4. Саяси география пәнінің құрылымы мен нысаны. Саяси география: негізгі концепциялар мен ойлар.
5. Халықаралық қатынастардағы геосаяси факторлар.
6. Классикалық және қазіргі геосаяси тұжырымдамалардың тарихнамасы.
7. Саяси географиядағы мемлекеттік шекараларды зерттеулерде пайдаланылатын дәстүрлі теориялық қағидалар.
8. Ұлы географиялық ашылулар кезеңінен кейінгі геосаяси кеңістіктің қалыптасуы.
9. Қазақстан посткеңестік кеңістікте саяси шекаралар жүйесінде.
10. Шекаралар, мемлекеттік құрылыс, ұлттық және аумақтық бөлініс.
11. Лимнология: мемлекеттік шекараны географиялық тұрғыда зерттеудің ұлттық әдістері мен ыңғайы.
12. Геосаясат және саяси география: бір-бірімен байланыстылығы және қарым-қатынастылығы.
13. Бұрынғы КСРО-мен посткеңестік кезеңдегі саяси география.
14. Әлем «қырғи-қабак» соғыстан кейін: бір полюстік және көп полюстік.
15. Қазақстанға КСРО-ның ыдырауы кезіндегі геосаясаттың тигізген әсері.
16. Қазақстан-Ресей қарым-қатынасы: мәселелерінің экономикалық, географиялық және геосаяси аспектілері.
17. Қазақстан-Ресей қатынастарында мемлекетаралық шекара туралы сұрақтар.
18. Еуропалық және АҚШ геосаясатшыларының теориялары мен ой пікірлері.
19. Қазақстан-Қытай қатынастарындағы мемлекеттік шекара мәселелері, делимитация және демаркация мәселелері.
20. Қазақстан-Қытай қатынастарында мемлекеттік шекараларды қайта жабдықтау. Делимитация мен деиаркация мәселелері.
21. Еуразияның географиялық, саяси және экономикалық біртұтастығы.
22. Аумақтық және жергілікті өзін-өзі басқару.
23. Орталық Азия мен Қазақстандағы басты геосаяси мүдделері бар күштер мен топтар.
24. Қазіргі қауіпті топтар мен лаңкестік күштер.
25. Қазіргі таңдағы Еуразиялық мәселелер бойынша ҚР Президентінің геосаяси еңбектеріндегі, оның негізгі идеяларын айқындау.

26. Қазақстан Республикасының жаңа геосаяси жағдайына экономикалық-географиялық баға беру.
27. Халықаралық шиеленістер.
28. Қазақстан-Өзбекстан қатынастарындағы жаңа мемлекетаралық шекара қалыптастыру
29. Аймақтық содырлық қауіптерге қарсы күрес аумағындағы халықаралық ынтымақтастық шаралары.
30. Саяси географияның «жаңаша» даму бағыттары. Әлемдік саяси географияның дамуындағы оның қазіргі кезеңінің бұрынғыларынан айырмашылығы.
31. Тарихи география және мемлекеттердің саяси-географиялық (геосаяси) жағдайы.
32. Қазіргі әлемдік саясат және жаһандық мәселелер.
33. Соңғы жылдары «мемлекеттік идея» және «иконография» қалай дамуда.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ашенкамф Н.Н. Современная геополитика. – М.: Академический проект, 2005
2. Василенко И.А. Геополитика современного мира. – М.: Гардарики, 2006
3. Дергачев П. Геополитика. – М., 2004
4. Колосов В.А., Мироненко Н.С. Геополитика и политическая география. – М.: Аспект Пресс, 2005. – 479 с.
5. Сирота Н.М. Геополитика. – М., 2003
6. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. – Алматы: Қарасай, 2006. – 216 б.
7. Алисов Н.В., Хорев Б.С. Экономическая и социальная география мира (общий обзор): Учебник. М.: Гардарики, 2000.
8. Гладкий Ю.Н., Лавров С.Б. Экономическая и социальная география мира. М.: Просвещение, 2002.
9. Максаковский В.П. Географическая картина мира. Книга 1 М.: Дрофа, 2004.